**N 2364 тіркелген, "Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімді жасау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2003 жылғы 30 сәуірдегі N 75 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2004 жылғы 20 сәуірдегі N 61 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 17 мамырда тіркелді. Тіркеу 2859. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі № 72 бұйрығымен.

*Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2009.04.01* № 72 *бұйрығымен.*

Б ұ й ы р а м ы н :

1. N 2364 тіркелген, "Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімді жасау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2003 жылғы 30 сәуірдегі N 75 (N 2503 тіркелген 2003 жылғы 2 қыркүйектегі N 145 ) бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбында және 1-тармақта "жасау" деген сөзден кейін "және ұсыну" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімді жасау ережесінде:

тақырыбында "жасау" деген сөзден кейін "және ұсыну" деген сөздермен толықтырылсын;

Ереже мәтінінде және қосымшаларда "шығындардың" деген сөз " шығыстардың" деген сөзбен ауыстырылсын;

1 - т а р м а қ т а :

"жасау" деген сөзден кейін "және ұсыну" деген сөздермен толықтырылсын;

"бюджеттік өтінімдердің" деген сөздер "бюджеттік өтінімнің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"бюджеттік бағдарламаны" деген сөздер "бюджеттік бағдарламалардың қажеттігін" деген сөздермен ауыстырылсын;

"оларды" деген сөз "оны" деген сөзбен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

"бюджеттік өтінімдерді" деген сөздер "бюджеттік өтінімді" деген сөздермен

ауыстырылсын;

"мақсаты" деген сөзден кейін "бюджеттік" деген сөзбен толықтырылсын;

3-тармақта:

"әкімшілері" деген сөз "әкімшісі" деген сөзбен толықтырылсын;

"бағдарламалар мен бюджеттік даму бағдарламаларының" деген сөздер "бағдарламалардың" деген сөзбен ауыстырылсын;

"анықтаған" деген сөзден кейін "басымды бюджеттік" деген сөздермен толықтырылсын;

"жобалардың" деген сөзден кейін "(бағдарламалардың)" деген сөздермен толықтырылсын;

4-10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Бюджеттік өтінім:

бірыңғай бюджет сыныптамасы;

ағымдағы бюджеттік бағдарламалар үшін бюджет шығыстарының лимиттері;

өткен қаржы жылындағы бюджет комиссиясы мақұлдаған үш жылғы кезеңге арналған бюджеттік өтінімі;

республиканың немесе өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспары мен орта мерзімді фискалдық саясаты;

басымды бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесі негізінде жасалады.

5. Бюджеттік өтінімнің деректері осы бюджеттік бағдарламаның объективті сипаты негізінде жинақталған бюджеттік бағдарлама туралы нақты және толық ақпаратты айғақтауы тиіс.

6. Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасында көзделген бюджетті нақтылау жағдайларын қоспағанда, бағдарламалардың әкімшісі жыл сайын тек бір ғана бюджеттік өтінім жасайды.

7. Бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік өтініміне мыналар жатады:

1) бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесі және олар бойынша шығыстар сомасы;

2) бюджеттік бағдарламаға түсіндірме жазба;

3) бюджеттік өтінімге енгізілген бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) паспортының жобасы;

4) кредиторлық берешек туралы ақпарат;

5) дебиторлық берешек туралы ақпарат;

6) алынған және пайдаланылған байланыстырылған гранттар туралы ақпарат;

7) бюджеттік өтінімге енгізілген бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша шығыстар есебі (бұдан әрі - шығыстар есебі);

8) басқа да ақпараттар.

8. Мемлекеттік мекемелердің олардың иелігінде қалатын тауарларды ( жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) сатудан түскен ақша түсімдері мен шығыстарының болжамы бюджеттік өтініммен бірге ұсынылады.

9. Бюджеттік өтінім жылдық қаржыландыру жоспарын және түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасау үшін негіз болып табылады.

10. Бюджеттік өтінімге бағдарламалар әкімшісінің (мемлекеттік мекеменің) басшысы қол қояды. Бюджеттік өтінімде тиісті бағдарламалар әкімшісінің ( мемлекеттік мекеменің) жауапты орындаушысының аты-жөні, әкесінің аты, лауазымы, жұмыс телефоны міндетті түрде көрсетіледі.";

мынадай мазмұндағы 10-1, 10-2, 10-3-тармақтармен толықтырылсын:

"10-1. Бюджеттік өтінімнің титулдық парағы осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

10-2. Бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесі өткен жылдың есепті деректерімен, ағымдағы жылға жоспарлы көрсеткіштермен, алдағы үш жылға арналған болжамды көрсеткіштермен көрсетілген алдағы үш жыл кезеңіне бағдарламалардың әкімшілері жоспарлаған бюджеттік бағдарламамен анықталады.

Бюджеттік бағдарламалар тізбесі және олар бойынша сомалар осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес жасалады.

10-3. Тиісті бюджет комиссиясының бюджеттік өтінімді қарау кезінде ескертулер мен ұсыныстар болған жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Парламентінде (мәслихатта) республикалық (жергілікті) бюджет жобасының өзгерген жағдайында бюджеттік өтінімнің деректері қарастырудың әрбір кезеңінде нақтылауға жатады.";

2-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Бюджеттік бағдарламаға түсіндірме жазбаның мазмұны

11. Бюджеттік бағдарламаға түсіндірме жазба бюджеттік бағдарламаның қысқаша сипатын анықтайды, оның мәнін, республика мен өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуында қажеттігі мен ролін ашады, өткен жылғы бюджеттік өтінімнен ауытқу себептерін көрсетеді.

11-1.Түсіндірме жазбада мынадай тармақтар бойынша ақпарат айтылуы қажет:

1) осы проблема бойынша ағымдағы сәтте қалыптасқан ахуалға шолу, оның ішінде бұл мәселе бойынша осы не басқа бюджеттік бағдарламаны іске асыру барысында қабылданған шаралар және оның нәтижелері;

2) ұсынылып отырған бағдарламаның шеңберінде қолдану (өткізу) жоспарланып отырған бюджеттік одан арғы қажетті шаралар (іс-шаралар, жұмыстар) және күтілетін нәтиже;

3) осы бюджеттік бағдарламаның Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық

дамуына үлесі;

4) сандық көрсеткіштер мен қаржы ресурстары бойынша осындай қажеттіліктің негіздемесін және салыстырма (өтпелі) кестені қоса бере отырып, қолданылып жүрген бюджеттік бағдарламаларды арттыру, жою, біріктіру не бөлшектеу жөніндегі ұсыныстар;

5) осы бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру тоқтатылған немесе қысқартылған жағдайда мүмкін боларлық жағымсыз салдарлар;

6) басқа мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен қоғамдардың осы мәселе жөніндегі бар көзқарастары;

7) осы бюджеттік бағдарламаны орындауды басқа мемлекеттік органдардың ұқсас бюджеттік бағдарламаларымен, басқа ұйымдар, оның ішінде шетелдерде әлемдегі бар стандарттар не рынок жағдайында қалыптасқан жұмыстардың, қызметтердің осы түрлерін орындауға қойылатын талаптар жөніндегі іс-шараларымен салыстырып талдау;

8) әрбір нұсқаның оң және теріс жақтарын сипаттай отырып, көрсетілген мақсаттар мен міндеттерді іске асырудың баламалы нұсқалары;

9) бюджеттік бағдарламаны бағалау өлшемдері: ағымдағы жылдың аяқ шенінде бюджеттік бағдарламаны бағалауға болатын көрсеткіштер (сандық, сапалық және басқалар) аталсын.

11-2. 4)-8)-тармақтар бойынша ақпарат осындай ақпарат болған жағдайда көрсетіледі.";

мынадай мазмұндағы 2-1, 2-2, 2-3, 2-4, 2-5-тараулармен толықтырылсын:

"2-1. Бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) паспортын жасау тәртібі

11-3. Бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) паспортының жобасы (бұдан әрі - паспорт жобасы) бюджеттік бағдарламаның мақсаттарын, міндеттерін, нормативтік құқықтық негіздемесін, күтілетін нәтижелерін, іс-шараларын, жауапты орындаушыларын, орындау мерзімін, ұлттық валютада көрсетілген құнын, қаржыландыру көздерін анықтайтын құжат болып табылады.

11-4. Паспорттың жобасы осы Ережеге 2-1-қосымшаға сәйкес нысанда жасалады және өзіне мынадай тармақтарды қамтиды:

1) бюджеттік бағдарламаның құны:

осы тармақта бюджеттік бағдарламаны іске асыру үшін қажет жылдар бойынша шығыстардың сомасы көрсетіледі.

Басым бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) (бұдан әрі - инвестициялық жоба (бағдарлама)) іске асыруға бағытталған бюджеттік бағдарламалар бойынша паспорттың жобасы инвестициялық жобаны ( бағдарламаны) іске асырғаннан бастап өткен кезең ішінде игерген сомаларды бөліп көрсетумен инвестициялық жобаның толық құнын, ағымдағы қаржы

жылына және инвестициялық жобаны (бағдарламаны) іске асыру аяқталғанға дейін кейінгі жылдарға жоспарланған соманы қамтуы тиіс;

2) бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:

осы тармақта мемлекеттік функциялар, осы бюджеттік бағдарламаның мақсаттары мен міндеттерін іске асырудың қажеттілігін және бекітілген заттай нормаларды анықтайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдері.

Бұл ретте заңнама кесімдерді қоспағанда, Заңның және нормативтік құқықтық кесімнің атауын, күнін және нөмірін толық көрсету тиіс, заңнама кесімдеріне сілтеме жасалған жағдайында баптардың нөмірлерін міндетті түрде көрсету керек;

3) бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:

бюджетті бағдарламаның қаржыландыру көздері республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты, оның ішінде үкіметтік заемдар, жоғары тұрған бюджеттен бірлесіп қаржыландыру болуы мүмкін;

4) бюджеттік бағдарламаның мақсаты:

бюджеттік бағдарламаның мақсаты бюджеттік бағдарламаны орындау кезінде қол жеткізілуі тиіс белгілі бір түпкілікті нәтиже болып табылады. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты дәл, нақтылы және қол жетімді болуы тиіс.

Бюджеттік бағдарламаның мақсаты ең алдымен елдің стратегиялық даму міндеттерін, республиканың және өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарын, орта мерзімді фискалдық саясатты, мемлекеттік салалық (секторалдық), өңірлік бағдарламаларды, аумақтың дамуының экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, сондай-ақ мемлекеттік басқару функцияларын негізге ала отырып, қалыптастырылады;

5) бюджеттік бағдарламаның міндеттері:

бағдарламаның мақсаты жеке міндеттерге бөлінеді, яғни басты мақсат бағдарламаны шешу жолдарын құрылымдау және бөлу жолымен неғұрлым жеке бөлініп жан-жақты қаралады.

Бағдарламаның міндеттері бағдарламаның мақсатын көрсетеді және анық, айқын, нақты әрі тексерілетін болуы тиіс.

Міндеттер қойылған мақсаттарға жетудің негізгі кезеңдерін білдіруі тиіс;

6) бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

іс-шаралар жоспары сандық сипаттамалары бар ұйымдастырушылық, экономикалық, техникалық және басқа да іс-қимылдар кешенін білдіреді. Іс-шаралар жоспарында бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі нақты іс-қимылдар мен іс-шаралар осы іс-қимылдар көзделген кіші бағдарламалар (олар болған жағдайда) бойынша көрсетіле отырып, жауапты орындаушылар (бағдарламалар әкімшісі) және жылдар бойынша әрбір іс-шараны іске асыру

мерзімдері көрсетіледі.

Бұл ретте іс-шаралар бюджеттік бағдарламаларды іске асыру үшін қажетті бюджет қаражатын жұмсау бағыттары бойынша көрініс табу керек.

Іске асыру мерзімдері бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бағдарламаның мақсаттары мен міндеттеріне жету жөніндегі іс-шараларды орындауды жоспарлайтын уақыт аралығын анықтайды.

Бюджеттік бағдарламаны жоспарлау кезінде бюджеттік бағдарламаның негізгі кезеңдерін іске асыру мерзімдері ресурстарды жұмылдыруға, процестерді іске асыруға және нәтижелердің көрінуіне қанша уақыт қажет болатынын түсінуге мүмкіндігінше негізделуі тиіс.

Бұл ретте, мемлекеттік салалық (секторлық), аймақтық бағдарламаларын іске асыру мақсатында ұсынылатын мерзімдер бюджеттік бағдарламада анықталған іске асыру мерзімдеріне сәйкес келуі тиіс;

7) бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:

осы тармақ жылдар бойынша бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізуді сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштерді қамтуы тиіс. Бағдарламаның орындалу деңгейін және оның тиімділігін сипаттайтын көрсеткіштер қол жетімді және тексерілетін болуы тиіс.

Сандық көрсеткіштер бюджеттік бағдарламаның тиімділігіне бағалау жүргізу мүмкін болатын қорытындыланып көрсетіледі.";

"2-2. Кредиторлық берешек туралы ақпарат

11-5. Кредиторлық берешек туралы ақпарат пайда болудың негізгі себептерін көрсетіп, кредиторлық берешектің жалпы сомасын жылдар бойынша міндетті түрде бөле отырып, ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша ұсынылады және осы Ережеге 2-2-қосымшаға сәйкес нысанда жасалады.";

"2-3. Дебиторлық берешек туралы ақпарат

11-6. Дебиторлық берешек туралы ақпарат пайда болудың негізгі себептерін көрсетіп, дебиторлық берешектің жалпы сомасын жылдар бойынша міндетті түрде бөле отырып, ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша ұсынылады және осы Ережеге 2-3-қосымшаға сәйкес нысанда жасалады.";

"2-4. Алынған және пайдаланылған байланыстырылған гранттар туралы ақпарат

11-7. Жұмсалу бағыттары бойынша (компоненттерге) гранттар сомасын міндетті түрде бөле отырып, ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша алынған және пайдаланылған байланыстырылған гранттар тізбесі ұсынылады және осы Ережеге 2-4-қосымшаға сәйкес нысанда жасалады.";

"2-5. Мемлекеттік мекемелердің олардың иелігінде қалатын тауарларды ( жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) сатудан түскен ақша түсімдері мен шығыстарының болжамы

11-8. Мемлекеттік мекемелердің олардың иелігінде қалатын тауарларды ( жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) сатудан түскен ақша түсімдері мен шығыстарының тиісті қаржы жылына арналған болжамы осы Ережеге 2-5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.";

3-тараудың мәтінінде және қосымшаларда "Мемлекеттік әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімін және Мемлекеттік әкімшілік лауазымдар санаттарының тізбесін бекіту туралы" 1999 жылғы 29 желтоқсандағы N 318 ", " Қызмет бабында пайдалану үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2001 жылғы 25 наурыздағы N 575 , Қызмет бабында пайдалану үшін Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері, құқық қорғау органдары, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің мемлекеттік өртке қарсы қызметі мен прокуратура органдарының қызметкерлері лауазымдарының санаттары бойынша тізілімдерін бекіту туралы" 2001 жылғы 25 наурыздағы N 576 " деген сөздер "Мемлекеттік әкімшілік қызметшілер лауазымдарының санаттары бойынша тізілімін бекіту туралы" тиісінше 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1282 , "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1284 , "Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері, құқық қорғау органдары, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің мемлекеттік өртке қарсы қызметі мен прокуратура органдарының қызметкерлері лауазымдарының санаттары бойынша тізілімдерін бекіту туралы" 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1283 " деген сөздермен ауыстырылсын;

12-тармақтың екінші абзацы алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 12-1-тармақпен толықтырылсын:

"12-1. Бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша шығыстардың есептеулері бекітілген заттай нормаларды ескере отырып анықталған бюджеттік бағдарламалардың сандық және құндық көрсеткіштерін ашады.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Шығындардың экономикалық сыныптамасының әрбір ерекшелігі бойынша шығындар есептеулеріне бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің ( мемлекеттік мекеменің) басшысы және бас бухгалтер қаржы-экономикалық бөлімнің бастығы) қол қояды.";

14-тармақта:

1) тармақшада:

бірінші абзацта:

"прокуратура органдарының," деген сөздерден кейін "мемлекеттік

фельдъегерлік қызметтің" деген сөздермен толықтырылсын;

"Қазақстан Республикасының Қаржы полициясы агенттігі" деген сөздер " Қазақстан Республикасының Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"және 14-111" деген сандар "14-111, 15-111" деген сандармен ауыстырылсын;

он бесінші абзацта "Ішкі істер министрлігі" деген сөздерден кейін ", Әділет министрлігі, Қазақстан Республикасының Экономикалық және жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы), Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі" деген сөздермен толықтырылсын;

жиырма үшінші абзацта "мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын" деген сөздерден кейін ", және қазыналық кәсіпорындар" деген сөздермен ауыстырылсын;

жиырма жетінші, жиырма тоғызыншы абзацтарда "өртке қарсы қызмет," деген сөздерден кейін "мемлекеттік фельдъегерлік қызмет," деген сөздермен толықтырылсын;

жиырма сегізінші абзацта "өртке қарсы қызметтер," деген сөздерден кейін " мемлекеттік фельдъегерлік қызметтері," деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақшада төртінші абзацта "(20%)" деген сандар алынып тасталсын;

7) тармақшада он жетінші абзацта "жануарлардың" деген сөзден кейін " түрлері бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

10) тармақшада "қызметкерлерінің" деген сөзден кейін "сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының" деген сөздермен толықтырылсын;

13) тармақшада:

"есептеу жабдықтарының жинақтаушы және қосалқы бөлшектерін,", " жинақтаушы және қосалқы бөлшектерін" деген сөздер "өзге де жабдықтардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Жоғарыда аталған шараларды жоспарлау бір бюджет бағдарламасы шеңберінде ұсынылады." деген сөздер алынып тасталсын;

14), 17) тармақшада "қызметкерлердің саны" деген сөздер "(жабдықтардың саны)" деген сөздермен толықтырылсын;

19) тармақшада бірінші абзацта "жабдықтар" деген сөзден кейін ", жабдықтар үшін жинақтаушы және қосалқы бөлшектер"

15, 17-тармақтарда "бағдарламалар" деген сөздің алдынан "бюджеттік" деген сөзбен толықтырылсын;

16, 17, 18-тармақтарда "бюджеттік" деген сөз алынып тасталсын;

19-тармақта бірінші абзацта "ақпараттандыруды бағдарламалары" деген сөздер "ақпараттандырудың бюджеттік бағдарламалары" деген сөздермен ауыстырылсын;

20-тармақта бірінші абзацта "Лицензиялар сатып алу ақпараттандырудың инвестициялық бағдарламалары бойынша ғана жоспарлануы мүмкін." деген сөздер алынып тасталсын;

21-27-тармақтар "4. Қосымша ақпарат" деген 4 тарауға біріктірілсін;

21-тармақта:

бірінші абзацта "жоба" деген сөзден кейін "(бағдарлама)" деген сөзбен толықтырылсын, "бағдарламалардың әкімшілері мыналарды қосымша береді:" деген сөздер "бағдарламалардың әкімшісі мыналарды береді:" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақшада:

"жоба компоненттері бойынша" деген сөздің алдынан, "кезеңінде", " көзделген" деген сөздерден кейін "инвестициялық" деген сөзбен толықтырылсын ;

"жоба" деген сөзден кейін "(бағдарлама)" деген сөзбен толықтырылсын

2) тармақшада екінші абзацта "заемдар туралы (келісімдердің)" деген сөздер " заемдар" деген сөзбен ауыстырылсын;

22-тармақта:

бірінші абзацта:

"жолымен" деген сөз "арқылы" деген сөзбен ауыстырылсын;

"бағдарламалар әкімшілері мыналарды қосымша береді:" деген сөздер " бағдарламалар әкімшісі, оның ішінде инвестициялық жобаларды ( бағдарламаларды) әзірлеу және іріктеу кезінде қалыптастырылған мыналарды қосымша береді:";

1) тармақшада "жолымен" деген сөз "арқылы" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) тармақшада "және/немесе шаралары" деген сөздер "және (немесе) бағыттары" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшада "шарттары мен" деген сөздер алынып тасталсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) бюджеттік кредит беру өтімділік есебі;";

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) олар тартылған жағдайда, сенімгерлердің (агенттердің) қызметіне ақы төлеу мөлшерінің негіздемесі;";

23-тармақта:

"жолымен" деген сөз "арқылы" деген сөзбен ауыстырылсын;

"және/немесе шаралары" деген сөздер "және (немесе) бағыттары" деген сөздермен ауыстырылсын;

25-тармақта "қаржы агенттерінің" деген сөздер "сенімгерлердің (агенттердің)" деген сөздермен ауыстырылсын;

26-бапта:

"осы нысандар бойынша есеп-қисаптар" деген сөздер "осы Ережеде көрсетілген нысандар бойынша шығыстардың есебі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"43" деген сандардың алдынан "34, 42," деген сандармен толықтырылсын;

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Шығыстардың басқа түрлері бойынша есеп-қисаптар еркін түрде жасалады. Осы есеп-қисаптар шығыстардың әр бабы бойынша міндетті ажырату арқылы ұсынылу тиіс, немесе еңбек шығындары арқылы есептеліп, бас бухгалтер немесе қаржы-экономикалық қызметі бастығының қолы болуы тиіс";

"______ жылға арналған бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесі" деген 2-қосымшада екінші жолда "жобалар" деген сөз "жобалар (бағдарламалар)" деген сөздермен ауыстырылсын, "Дамудың басқа да бағдарламалары" деген сөздер алынып тасталсын;

осы Бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Паспорт" деген 2-1-қосымшамен толықтырылсын;

осы Бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "______ жылға арналған кредиторлық берешек туралы ақпарат" деген 2-2-қосымшамен толықтырылсын;

осы Бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "______ жылға арналған дебиторлық берешек туралы ақпарат" деген 2-3-қосымшамен толықтырылсын;

осы Бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "______ жылға арналған алынған және пайдаланылған кепілдіктер туралы ақпарат" деген 2-4-қосымшамен толықтырылсын;

осы Бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес "Мемлекеттік мекемелердің олардың иелігінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) сатудан түскен ақша түсімдері мен шығыстарының болжамы" деген 2-5-қосымшамен толықтырылсын;

3-қосымша (01-111-нысан) "Әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің негізгі жалақыларына арналған шығындарды есептеу" деген қосымша осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

15-қосымша (13-111-нысаны) "Құқық қорғау органдары, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, Қазақстан Республикасының Қаржы полициясы агенттігі органдарының және кеден қызметтері қызметкерлерінің негізгі жалақысына арналған шығындарды есептеу" деген қосымша осы Бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

16-қосымша (14-111-нысаны) "Әскери қызметшілердің негізгі жалақысына арналған шығындарды есептеу" деген қосымша осы Бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

34-қосымша (02-139а-нысаны және 02-139б-нысаны) "Жұмсалатын материалдарды, жинақтаушы және қосалқы бөлшектерді сатып алу бойынша шығындарды есептеу" деген қосымша осы Бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

42-қосымша (01-146-нысаны) "Ғимараттарды, үй-жайларды, жабдықтарды және басқа да негізгі құралдарды ұстау, қызмет көрсету, ағымдағы жөндеу жөніндегі шығындарды есептеу" деген қосымша осы Бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Бюджеттік процесс әдіснамасы және функционалдық талдау департаменті ( Д.М.Шәженова) Заң басқармасымен (М.Д Әйтенов) бірге осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Министрдің

міндетін атқарушы

"N 2364 тіркелген, "Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімді жасау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2003 жылғы 30 сәуірдегі N 75 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің міндетін атқарушының 2004 жылғы 04.04 N 61 бұйрығына

1-қосымша

"Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімді жасау ережесіне

2-1-қосымша

________________________________________

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

_____________________ жылдарға арналған

_______________________________________

бюджеттік бағдарламаның атауы

**Паспорты**

___________________________________________________________

Толық|Іске асыр. |Ағымдағы| Жоспар |Іске асыру
құны |ғаннан | жылға |--------------------------|аяқталғанға
|бастап |жоспар. |_____ ж.|_____ ж.|_____ ж. |дейін
|өткен кезең|ланған | | | |кейінгі
|ішінде иге.| сома | | | |жылдар
|рілген сома| | | | |сомасы

___________________________________________________________

___________________________________________________________

1 . Құны
2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі
3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері
4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты
5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері
6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

___________________________________________________________

р/с|Бағдарлама|Кіші баг.|Кіші |Бағдарламаны|Іске |Жауапты
N | коды |дарлама |бағдар.|іске асыру |асыру |орындаушылар
| |коды |лама. |жөніндегі |мерзімі|
| | |лардың |іс-шаралар | |
| | |атауы | | |

___________________________________________________________

1 2 3 4 5 6 7

___________________________________________________________

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер
Бағдарламалар әкімшісінің/мемлекеттік мекеменің басшысы __________
Бас бухгалтер (ҚЭБ бастығы) ________________________________"
"N 2364 тіркелген, "Бюджеттік
бағдарламалар әкімшілерінің
бюджеттік өтінімді жасау ережесін
бекіту туралы" Қазақстан
Республикасы Экономика және
бюджеттік жоспарлау министрінің
2003 жылғы 30 сәуірдегі N 75
бұйрығына өзгерістер мен

толықтырулар енгізу туралы"
Қазақстан Республикасы Экономика
және бюджеттік жоспарлау министрінің
міндетін атқарушының 2004 жылғы
04.04 N 61 бұйрығына
2-қосымша
"Бюджеттік бағдарламалар
әкімшілерінің бюджеттік
өтінімді жасау ережесіне
2-2-қосымша

____ жылғы 01.01. арналған кредиторлық берешек туралы ақпарат

Республикалық бюджет/жергілікті бюджет

Бағдарламалардың әкімшісі ____________

Мемлекеттік мекеме __________________

| Функ. цио. нал. дық топ | Бағ. дар. лама | Кіші бағ. дар. лама | Ерек. шелік | Атау | Ағым. дағы қаржы жылы. ның 01.01. бере. шек | Жылдар бойынша өткен жылдар берешегі ___ж. | ___ж. | ____ж. | Пайда болудың негізгі себептері |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |

Жиыны:

Бағдарламалар әкімшісінің/мемлекеттік мекеменің басшысы______

Бас бухгалтер (ҚЭБ бастығы)_________________________________

Орындаушы:

Аты-жөні, тегі _____________________________________________

лауазымы___________________________________________________

тел.___________________________________"

"N 2364 тіркелген, "Бюджеттік
бағдарламалар әкімшілерінің
бюджеттік өтінімді жасау ережесін
бекіту туралы" Қазақстан
Республикасы Экономика және
бюджеттік жоспарлау министрінің

2003 жылғы 30 сәуірдегі N 75 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің міндетін атқарушының 2004 жылғы 04.04 N 61 бұйрығына
3-қосымша
"Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімді жасау ережесіне
2-3-қосымша

**___ жылғы 01.01. арналған дебиторлық берешек туралы ақпарат**

Республикалық бюджет/жергілікті бюджет
Бағдарламалардың әкімшісі _______________
Мемлекеттік мекеме _________________

| Функциональдық топ | Бағдарлама | Кіші бағдарлама | Ерекшелік | Атау | Ағымдағы қаржы жылының 01.01. берешек | Жылдар бойынша өткен жылдар берешегі ___ж. | ___ж. | ____ж. | Пайда болудың негізгі себептері |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |

Жиыны:

Бағдарламалар әкімшісінің/мемлекеттік мекеменің басшысы______
Бас бухгалтер (ҚЭБ бастығы)__________________________________
Орындаушы:
Аты-жөні, тегі ______________________________________________
